

Нуржанов Сабит Узакбаевич^{*1}

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы ғылым Академиясының Қарақалпақ бөлімшесі, Гуманитарлық ғылымдардың Қарақалпақ ғылыми-зерттеу институты, Нукус, Өзбекстан, sanur69@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0003-1669-7511

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-ШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ АЯҒЫ – 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҮКІМЕТ ЖАНЫНДАҒЫ ДІНИ ІСТЕР КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Кеңес үкіметінің өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары Қазақстанда дінге қарасты жүзеге асырған саясатындағы ресми жүйенің қызметі қаралады. Осы тұрғыда билік әр деңгейде арнайы ресми комиссиялар құрып, солар арқылы мемлекет пен дін арасындағы қатынастарды реттеуді көздеді. Негізінен бұл комиссиялардың қызметі Кеңес үкіметі өзінің дінге қарасты саясатын заңды жолмен жүзеге асырып жатыр деген көріністі қалыптастыру үшін керек еді, іс жүзінде олай болмаса да. Мақаланың зерттеу объектісі Қазақстандағы Кеңес билігі мен діни саланың арасындағы өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қатынастар, ал пәні ретінде осы қатынастарды реттеу үшін құрылған комиссиялардың қызметі қаралады. Жұмыстың мақсаты осы комиссиялардың дүниеге келуінің себептерін, қызметтерінің өту барысын, ерекшеліктерін және жұмыстарының нәтижелерін анықтау. Қолданылған материалдар қатарында Қазақстанның орталық және өңірлік мұрағаттарының, құжаттар жинақтарының деректері және осы тақырыптағы ғылыми жұмыстардың мәліметтері. Зерттеу барысында тарихилық, жүйелілік принциптері және реттілік пен салыстырмалы әдістер қолданылды. Мақаланың қорытындылары Қазақстандағы Кеңес билігінің қаралып отырған кезеңдегі дінге қарасты саясатының түпкі мақсаттарын, жүзеге асуының барысын, ерекшеліктерін және іс жүзіндегі нәтижелерін айқындауға мүмкіндік береді. Олар осы бағыттағы басқа зерттеулер мен қатар қаралып отырған тақырыпқа қарасты тарихтағы концептуалды көзқарастардың одан әрі қалыптасуына өз үлесін қосады.

Кілт сөздер. Мемлекет, дін, саясат, комиссия, қатынастар, мемлекеттік мекемелер, діни ұйымдар, дінге сенушілер.

Нуржанов Сабит Узакбаевич^{*1}

Доктор исторических наук, профессор, Каракалпакское отделение Академии наук Республики Узбекистан, Каракалпакский научно-исследовательский институт гуманитарных наук, Нукус, Узбекистан, sanur69@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0003-1669-7511

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КАЗАХСТАНЕ КОМИССИИ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИИ ПРИ ПРАВИТЕЛЬСТВЕ В КОНЦЕ 1920 –Х - 1930-ЫЕ ГОДЫ

Аннотация. В данной статье рассматривается деятельность официальных органов в рамках религиозной политики советской власти в Казахстане в 1920–1930-х годах. С этой целью власть создавала специальные официальные комиссии различных уровней, посредством которых стремилась регулировать отношения между государством и религией. Основной задачей этих комиссий было создание видимости того, что

советская власть осуществляет свою религиозную политику на законных основаниях, хотя в действительности это было далеко не так. Объектом статьи являются взаимоотношения советской власти и религиозной сферы в Казахстане в 20-30-е годы прошлого века, а предметом изучения деятельность комиссий, созданных для регулирования этих взаимоотношений. Цель работы – определить причины возникновения этих комиссий, ход их деятельности, особенности и результаты их работы. В качестве материалов использованы данные из центральных и региональных архивов Казахстана, сборников документов, а также данные научных работ по данной тематике. В ходе исследования применялись принципы историзма, системности, а также методы последовательности и сравнительного сопоставления. Выводы статьи позволяют определить конечные цели, ход реализации, особенности и практические результаты религиозной политики советского правительства в Казахстане в рассматриваемый период. Они, наряду с другими исследованиями в этом направлении, способствуют дальнейшему формированию концептуального подхода в современной истории к рассматриваемой тематике.

Ключевые слова. Государство, религия, политика, комиссия, отношения, государственные институты, религиозные организации, верующие.

Nurzhanov Sabit Uzakbayevich*1

Doctor of historical sciences, professor, Karakalpak branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Karakalpak Research Institute of Humanities, Nukus, Uzbekistan, sanur69@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1669-7511

ACTIVITIES OF THE GOVERNMENT'S RELIGIOUS AFFAIRS COMMISSION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1920S –1930S

Abstract. This article examines the activities of official bodies within the framework of Soviet religious policy in Kazakhstan in the 1920s and 1930s. To this end, the government created special official commissions at various levels, through which it sought to regulate relations between the state and religion. The main goal of these commissions was to create the appearance that the Soviet government was implementing its religious policy on a legal basis, although in reality this was far from the case. The article examines the relationship between Soviet power and the religious sphere in Kazakhstan in the 1920s and 1930s, and the activities of the commissions created to regulate these relationships. The goal of the study is to determine the reasons for the emergence of these commissions, the course of their activities, and the characteristics and results of their work. The materials used are data from central and regional archives of Kazakhstan, document collections, and data from scholarly works on this topic. The study utilizes the principles of historicism, systematicity, and methods of consistency and comparative comparison. The article's conclusions allow us to identify the ultimate goals, implementation process, characteristics, and practical results of the Soviet government's religious policy in Kazakhstan during the period under review. These conclusions, along with other related studies, contribute to the further development of a conceptual approach to this topic in Russian history.

Key words. State, religion, politics, commission, relations, state institutions, religious organizations, believers.

Кіріспе. Қай кезеңде және қай қоғамда болмасын мемлекет пен діннің арасындағы қатынас әрдайымда өзекті болып келеді. Бұл маңызды әрі нәзік саладағы құбылыстар әрқашанда қоғам мүшелерінің сана-сезіміне, дүниетанымына, дәріптейтін құндылықтарына өз әсерін тигізіп отырды. Мұның бәрі осы біз қарап отырған кезең мен мәселеге де қатысты. Кеңес үкіметінің дінге қарасты жүргізген саясатының әр кезеңде өзіне тән сипаты мен ерекшеліктері болғаны мәлім. Соның ішінде әсіресе осы мақалада қаралып отырған кезеңде ол өзінің қаталдығымен белгілі болды.

Жалпы, большевиктердің идеологиялық ұстанымдарына, соның ішінде дінге деген саясатына, әрине, маркстік-лениндік қағидаттар арқау болды. Ал оларға келер болсақ, діннің пайда болу себептері халықтың қараңқылығы мен таптық қоғамдағы халықты қанаудың идеялық негіздерінде жатты деп дәріптелгені белгілі. Онда дін қоғамдағы сол қарапайым халықты қанаушы күштердің идеологиялық құралы және таптық қоғамға ғана тән тарихи отпелі құбылыс ретінде көрсетіледі. Мұндай тұрғыда большевиктердің құра бастаған қоғамында дін секілді институттарға бара-бара орын қалмауы, немесе олар қоғамдық өмірден шеттетілуі қажет еді. Осындай алғышарт жағдайында басталған Кеңес билігінің дінге қарасты саясаты, кейбір мәжбүр жағдайындағы «жұмсақтық» пен «төзімділігіне» қарамастан, жалпы оны қоғамдық өмірден ығыстыруға бағытталған еді.

Дегенмен, дін секілді маңызды қоғамдық құбылысқа қарасты большевиктер қалай болғанда да белгілі бір заңдылық негіздер арқылы саясат жүргізуі қажет еді. Сондықтан «Шіркеуді мемлекеттен, ал мектепті шіркеуден бөлу туралы жарлық» (1918 ж.), «Діни бірлестіктер туралы» қаулы (1929 ж.) және тағы басқа заңнамалық актілер қабылданған болатын. Сонымен бірге, осы тұрғыда уақыт өте келе дінге қарасты саясатта келеңсіздіктердің кеңінен орын ала бастауына байланысты, Кеңес үкіметі атқарушы билік органдарының жанынан жұмыста қаралып отырған комиссияларды ашып олардың қызметін ұйымдастыруды қолға алуға мәжбүр болды. Бұл комиссиялар, ресми биліктің жоспарына сәйкес, аталған саладағы күрделенген қайшылықтарды реттеу мақсатында құрылған болатын. Алайда, кейінгі тәжірибе көрсеткендей, олардың қызметі көбіне формалды түрде жүзеге асырылып, негізгі міндеттерін орындай алмады. Жалпы, объективтік тұрғыдан алғанда, олардың өз міндеттерін орындауы сол кездегі жағдайға және большевиктердің дінге қарасты теориялық принциптеріне байланысты мүмкін емес те еді.

Мемлекет пен дін арасындағы қарымқатынас бүгінгі таңда да өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Жаңадан жаңғырған қазақтың жас мемлекеттігі үшін бұл сала тиісті назарды қажет ететін салалардың бірі, себебі Қазақстан секілді көпұлтты және көпконфессиналды ел үшін бұл саладағы тұрақтылық оның қазіргі таңдағы дамуының негізгі алғышарттарының бірі екені түсінікті. Сондықтанда елдің тарихындағы әр кезеңге қарасты мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың дамуындағы тәжірибе бүгінде осы бағытта жұмыс атқаратын ресми мекемелердің өз міндеттерін орындау барысында пайдалануға мүмкіндік беретіні белгілі. Сонымен бірге Орталық Азия елдеріндегі дін тарихы әлі де толыққанды зерттелмеген бағыттардың бірі болуы қаралып отырған мақаланың мазмұны өзектене түседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақала дайындау барысында әр түрлі тұрғыдағы дерек көздері пайдаланылды. Зерттеудегі қаралып отырған Кеңес билігі саясатының мазмұнын ашуға Қазақстанның орталық және өңірлік мұрағаттарында сақталған және жарияланған деректер жинақтарында берілген ресми мекемелердің қызметіне қарасты мәліметтер мүмкіндік береді. Олардың қатарынан Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 789-шы қорының, Қазақстан Республикасының президенттік мұрағатының 708 және 141-ші қорларының, Батыс Қазақстан облысы орталық мұрағатының 850-ші қорының деректерін атауға болады.

Сонымен бірге осы тақырыпқа байланысты фактологиялық мәліметтерді «Об антирелигиозной пропаганде: сборник документов» (әр жылғы шығарылымдары) атты құжаттар жинақтарынан, немесе «Наука и религия: научно-популярный журнал» атты ғылыми басылымдарынан алып пайдалану мүмкіндіктері бар.

Зерттеліп отырған тақырыптың мазмұнын ашуға сол қаралып отырған кездегі қоғамдағы ахуалдың ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру үшін тарихылық принципі қолданылды. Кеңес билігінің дінге қарасты саясаты текқана бір немесе бірнеше мемлекеттік мекемелер арқылы емес жалпы бүткіл ресми жүйе арқылы жүзеге асқанына байланысты оны саралау үшін жүйелілік принципті қолдану қажет болды. Ал мақаладағы кең көлемді, кешенді, бірнеше кезең мен бірнеше сатылардан тұратын қоғамдық құбылыстың мазмұнын анықтау үшін салыстырмалы әдіс пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. 1929 жылғы 8 сәуірдегі Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің президиумының (БОАКП) отырысында «Діни бірлестіктер туралы» қаулы қабылданғаны белгілі. Сол отырыста діни бірлестіктердің қызметіне қатысты мәселелерді қарастыру үшін П. Г. Смилович төрағалық еткен тұрақты комиссия (ТК) құрылды. Бұл комиссия БОАКП құрамында жұмыс істеп, РКФСР аумағында діни табыну заңдарын қолдану мәселесінде «партия мен үкімет саясатын тиісінше жүзеге асыруға» жалпы басшылық пен қадағалау міндетін атқарды [1, б. 11].

Бұл тұрақты орталық комиссия төрағадан (ол БОАКП-ің мүшесі болуы тиіс еді), атқарушы хатшыдан және БОАКП-ен жеке тағайындалған мүшелерден құралды. Сонымен бірге оның құрамына басқа да мемлекеттік құқық қорғау және азаматтық тармақтарының өкілдері кірді. Тұрақты орталық комиссияға келесі міндеттер жүктелді:

1) діни істерге қатысты заң жобалары мен қаулылардың жобаларын әзірлеу және алдын ала қарау, сондай-ақ оларды қарау үшін БОАКП-на ұсыну;

2) Халық комиссариаттардың, автономиялық кеңестік социалистік республикалардың Орталық сайлау комиссияларының өңірлік және облыстық атқарушы комитеттердің дінге қатысты қолданыстағы заңнаманы дұрыс қолдануына жалпы қадағалау жүргізу және осы мәселелер бойынша түсіндірмелер мен нұсқаулықтар әзірлеу;

3) РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің дін істеріне қатысты заңнамалық актілері мен қаулыларын жүйелеу;

4) БОАКП-на дін істеріне қатысты мәселелер бойынша пікірлер ұсыну;

5) автономиялық социалистік республикалардың орталық атқару комитеттерінің, сондай-ақ дін мәселелерін қадағалайтын өңірлік және облыстық атқарушы комитеттерінің ғибадат ету орындарын жабу, діни қоғамдар мен сенушілер топтарымен келісімдерді тоқтату мәселелері бойынша заңсыз әрекеттері туралы шағымдарды қарау;

6) діни бірлестіктердің жалпы тізілімін жүргізу және жергілікті билік органдары мен басқа да тұлғалар ұсынған мәліметтер негізінде статистикалық есептер дайындау [1, 11–12 бб.].

Ұқсас комиссиялар АСР орталық атқару комитеттерінің президиумдарының, облыстық және аудандық атқару комитеттерінің, қалалық кеңестердің және қажет болған жағдайда аудандық атқару комитеттерінің құрамында да құрылуы белгіленді. Әдетте оларды президиум мүшелерінің бірі басқаратын, ал құрамына қоғамдық прокурорлық кеңсе, білім беру органдары мен қоғамдық білім беру бөлімдерінің, сондай-ақ басқа да мекемелер мен ұйымдардың өкілдері кіретін. Олар 1931 жылғы 30 мамырда БОАКП-ы қабылдаған «Діни мәселелерді қарау жөніндегі тұрақты орталық және жергілікті комиссиялар туралы ережені бекіту туралы» қаулы негізінде құрылды [1, бб. 11–16].

Қазақ орталық атқару комитетінің (ҚОАК) дін істері жөніндегі комиссиясы 1931 жылғы 11 қыркүйектегі ҚазОАК президиумының отырысында аталмыш қаулы негізінде

құрылып, «ҚОАК-тің дін мәселелерін қарау жөніндегі Орталық тұрақты комиссиясы» деп аталды. 1931 жылғы 11 қыркүйектегі ҚОАК президиумының шешіміне қарасты комиссия келесі мақсаттар үшін құрылды:

- 1) жергілікті билік органдарына діни бірлестіктер туралы қолданыстағы заңнаманы дұрыс қолдану жөніндегі қажетті нұсқаулықтарды тарату міндетін жүзеге асыру;
- 2) аудандық және қалалық атқарушы комитеттерде дін мәселелеріне қарасты комиссиясын құруды қолға алу;
- 3) ҚОАК-та жинақталған құлшылық ету орындарын жабу және басқа да осы бағыттағы мәселелер бойынша материалдарды шұғыл түрде қайта қарау [1, б. 4].

Сонымен қатар, барлық Халық комиссариаттарына, облыстық билік органдарына және аудандық атқарушы комитеттерге дін мәселелеріне тікелей қатысты шараларды Қазақ КСР орталық атқару комитетінің президиумына тікелей бағынатын дін мәселелерін тексеру жөніндегі орталық комиссиямен алдын ала үйлестіру тапсырылды.

Сонымен қатар, 1931 жылғы 30 мамырдағы КСРО Орталық атқарушы комитетінің президиумының қаулысына сәйкес, Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикалардың (АКСР) және облыстық атқарушы комитеттердің орталық атқарушы комитеттеріне тіркелген дін істерін қадағалау жөніндегі комиссияларға автономиялық республикалардың шегінде, аймақтар немесе аудандар бойынша діни съездерді өткізуге рұқсат беру туралы өтініштерді қарау міндеті жүктелді, сондай-ақ діни қауымдастықтардың мөрлері мен штамптарды пайдалануына қатысты өтініштерді де қарау жүктелді [1, б. 14].

ҚОАК-ке тікелей бағынышты тұрақты діни істер комиссиясы (ТДІК) алты мүшеден тұрды, олардың екеуі осы атқару комитетінің қызметкерлері, ал төртеуі мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың өкілдері болды. Заваритько Андрей Михайлович Республикалық комиссия төрағасы болып тағайындалды, ал Ванжула хатшы болып бекітілді, кейін ол 1933 жылғы 1 қазанда Мұртаза Қилеевпен алмастырылды. Қалған мүшелері – Халық комиссарлары одағы, Білім халық комиссариаты, Қаржы халық комиссариаты және Қазақ кәсіподақтар кеңесі өкілдері – мерзімді түрде ауысып отырды [2, 7].

1932 жылғы 11 сәуірде ҚОАК президиумының облыстық атқару комитеттерінің президиумдары жанындағы дін істерін тексеру тұрақты комиссияларын құру туралы шешім қабылдады. Сонымен бірге ҚОАКП-қа тікелей бағынышты дін мәселелерін реттеу жөніндегі Орталық комиссия құрылған комиссиялар туралы ақпаратты екі онкүндік ішінде ұсынуды бұйырды [3, б. 23].

Алайда бұл жұмыс жергілікті деңгейде назардан тыс қалып, созылып кетті. Мұрағаттық деректер көрсеткендей, облыстық және аудандық атқарушы комитеттерде дінге қатысты мәселелер біртіндеген тапсырмаларға қарасты анда-санда тұрақсыз қаралып отырған, ал көптеген аудандық атқарушы комитеттерде бұл мәселе мүлде қарастырылмаған [3, б. 66]. Мысалы, Орталық комиссияның атқарушы хатшысы Килеевтің Оңтүстік Қазақстан облысының Жұалы ауданына 1933 жылғы 5 қарашада жасаған іссапарының нәтижелері туралы есебінен бұл айқын көрінеді [3, 71–72 бб.].

ҚОАКП-ы атынан шығарылған ТДІК-ң дін істері жөніндегі көптеген нұсқаулары мен талаптары орындалмай отырды. Атап айтқанда, 1933 жылғы 10 қазандағы діни мүлікті қайта бағалау жөніндегі нұсқау және басқалары [153, б. 66]. Орталық діни комиссия қайта-қайта бұйрықтар шығарып, талап қойып, тіпті қорқытуға жүгінуге мәжбүр болды. Мысалы, 1932 жылғы 22 желтоқсандағы республикалық дін істері жөніндегі комиссияның Батыс Қазақстан облысындағы тиісті комиссияға жолдаған бұйрығында соңғысынан 1932 жылғы 21 наурыздағы республикалық дін істері жөніндегі комиссияның айналым хатын дереу орындап, оны орындамау себептері туралы

ақпаратты ұсыну талап етілді. Егер талап етілген ақпарат пен түсініктеме бір ай ішінде ұсынылмаса, мәселе Президиумға хабарланатыны ескертілді [4, л.1].

Аймақтық және аудандық атқарушы комитеттердің белсенді болмауының бір себебі – діни істер мен азаматтық тіркеумен айналысатын кадрлардың жетіспеушілігі немесе олардың біліктілігінің төмендігі, сондай-ақ атқарушы комитет басшыларының осы жұмыс саласының маңыздылығын жеткіліксіз бағалауында болды. Мысалы, өңірлердегі дін істері жөніндегі комиссия құрамына бұрынғы ағаш ұсталары, дүкен сатушылары және дін ілімі мен мемлекет пен шіркеу арасындағы қатынастардың ерекшеліктерін түсінбейтін басқа да адамдар кірген болатын [5, 155].

Жалпы, мұндай жағдайдың себептеріне келер болсақ, аталған діни істер жөніндегі комиссиялардың іс жүзінде өз міндеттерін орындауға қажетті мүмкіндіктері жоқ еді. Мемлекеттік-діни қатынастарға қатысты негізгі мәселелер орталық және жергілікті партия органдары арқылы шешіліп, ал діни істер жөніндегі комиссиялар бұл мәселеде екінші дәрежелі тұрғыда қалып отырды. Олар партия және мемлекеттік органдар мен діни ұйымдар арасындағы шиеленісті жеңілдету, «сенушілердің жергілікті билік органдарының заңсыз әрекеттері туралы шағымдарын зерттеу» мақсатындағы формалды институт ретінде қызмет ету және сондай-ақ кейбір партия мен мемлекеттік қайраткерлердің талап етуі бойынша құрылды (мысалы, П.Г. Смилович, П.А. Красиков, М.И. Калинин және басқалар). Әділдік үшін айта кету керек, партия қатарында, оның жоғары сатыларында да діни ұйымдарға, дін қызметкерлеріне және сенушілерге қатысты келісімді көзқарасты қолдайтын өкілдер болғанын атап өткен жөн. Алайда, біріншіден, олар көп болған жоқ, екіншіден, олардың ұстанымдары қалыптасып келе жатқан тоталитарлық жүйе алдында ешқандай салмаққа ие болмады.

Сонымен бірге, ҚОАК президиумы жанындағы дін істері жөніндегі тұрақты орталық комиссия мен сол тұрғыдағы жергілікті комиссиялардың және Қазақстандағы мұсылман діни бірлестіктердің арасындағы қатынастарда белгілі бір ерекшеліктер болды. Мысалы, бұл комиссиялар негізінен қалалар мен қалалық жерлерде орналасқан мұсылман діни бірлестіктерін тіркеу немесе тіркемеу, мешіттер мен басқа ислам ғибадат ету орындарын жабу немесе жаппау мәселелерімен айналысты. Осы комиссиялар қараған мұсылман өкілдерінің жеке шағымдары дерлік толықтай қалалық жерлерден түскен деп айтуға болады, оны Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағатының 789-қорының деректері растайды.

Мұндай жағдай бұл комиссиялардың ауылдық жерлерді қамтуы шектеулі немесе кейде мүлде болмағандығын туындап отырды. Ауылдарда олардың өз қызметін тиісті жүзеге асыра алмауына кадрлардың, қаржының және басқа да ресурстардың жетіспеушілігі, аумақтың кеңдігі, нашар байланыс және т.б. факторлар да өз әсерін тигізді.

Алайда бұған қоса, 1930-жылдардың алғашқы жартысына қатысты Қазақстанның діни комиссияларының архивтік материалдарын қарастырғанда, бір жайт ерекше көзге түседі: архивтік деректерге сәйкес, көптеген ауылдық жерлерде діни қауымдастықтар, мешіттер мен басқа да ғибадат ету орындары дерлік болмаған немесе олар бос тұрған. Мысалы, 1933 жылғы 7 ақпанда Балқаш аудандық атқару комитеті ауданда бірде-бір діни ұйым, мешіт немесе шіркеу жоқ екенін, ал №9 ауылда орналасқан бір мешіттің өзі жабық тұрғанын хабарлады. Өз есебінде аймақтық атқарушы комитет төрағасы Тагиров жақын маңдағы далада ауылдар жоқ екенін мәлімдейді [5, б. 42].

1934 жылы Батыс-Қазақстан облысының Камен аудандық атқарушы комитеті аудан аумағында діни ұйымдардың жоқ екенін хабарлайды [6, б. 25]. Ал Шығыс-Қазақстан облысының Максим-Горький ауданынан келген есепте былай делінген: «... ауданда бір діни қауымдастық бар екенін, бірақ ол тиісінше тіркелмегенін хабарлауды

кажет деп санаймыз. Алты ғибадат ету орны бар ... Бұл ғибадат ету орындары бос тұр – олар пайдаланылмайды және ондай топтар немесе қауымдастықтар болмағандықтан жалға берілмеген" [6, б. 30].

Осы жағдайларды баяндай отырып ескеретін нәрсе, бұл мәліметтер 1930-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда болған сұмдық аштықтың соңына қатысты еді. Қазір біз білетіндей, сол кезде ұжымдастыру саясаты мен оның нәтижелері салдарынан туындаған бұл аштық жүздеген мың адамның өмірін жалмап, ондаған мың адам аштықтан құтылу үшін үйлерінен кетуге мәжбүр болды. Нәтижесінде республиканың көптеген аймақтарында ғибадат ету орындарына баратын адамдар да мүлдем қалмады. Елде сенушілер санының сол тұста күрт азаюы коммунистік партия мен мемлекеттің дінге қатысты саясатынан гөрі жасанды аштық салдарынан болғанын аңғару қиын емес.

Күнделікті жұмыстарында діни істер жөніндегі орталық және жергілікті комиссиялар олардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген 1931 жылғы 30 қаңтарда қабылданған «Діни істер туралы заңнаманы жүзеге асыру тәртібі туралы» нұсқаулықты орындауға міндетті болды. Атап айтқанда, оларға дінге сенушілердің шағымдарын қарау, діни бірлестіктердің жалпы тізілімін жүргізу, кеңес органдарына және басқа да мекемелерге діни мәселелер бойынша түсіндірме беру және сонымен бірге олардан статистикалық, қаржылық, әкімшілік және басқа да қажетті ақпаратты талап ету құқығы берілді. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл комиссияларға жергілікті және орталық билік органдарының дін істері туралы заңнаманы бұзған шешімдерін кері қайтарып, оларды өз отырыстарында қарау құқығы берілген еді. Алайда архивтік құжаттар, сирек жағдайларды есептемегенде, дін істері жөніндегі комиссиялардың бұл құқықты іс жүзінде толық пайдаланғанын растауға мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар, республиканың министрліктері мен ұйымдары діни бірлестіктердің жұмысына қатысы бар барлық жоспарланған іс-шараларға діни істер жөніндегі комиссиялардың алдын ала рұқсатын алуға міндетті болды, ал осы комиссиялардың шешімдері мен талаптары олар үшін міндетті еді. Дегенмен, жоғарыда айтылғандай, діни істер жөніндегі комиссиялар өз құқықтарын жүзеге асырып, міндеттерін орындауын қиын және қарама-қайшы жағдайда жүзеге асырды: олар жергілікті және орталық билік органдарының қарсылығына ұшырап, тіпте партия мен кеңес аппараттары тарапынан елемеушілікке ұшырап отырды.

Көптеген мешіттер мен басқа да ғибадат орындары заңсыз түрде жабылды. Жергілікті билік өкілдері халықтың пікірін ескермей, ғибадат орындары мен діни қоғамдарды жабуды талап ететін халық атынан жалған өтініштер жасап, мешіттер мен шіркеулерді жабуға бағытталған шулы науқандар ұйымдастырды [7].

Осы дінге қарсы бағытталған шараларды жүзеге асыру барысында билік бір мезгілде екі мақсатқа қол жеткізді: бір жағынан, олар ғибадат орындары мен діни ұйымдарды жойып, осылайша діни саясат мәселелерін өздерінше шешті; екінші жағынан, олар «мәдени революция» жүргізу үшін осы істеріне қажетті көптеген ғимараттарды босатты. Бұл әрекеттер дінге сенушілер мен діни қызметкерлердің мүддесіне нұқсан келтіргенімен, ресми түрде билік органдарымен мақұлданып, коммунистік партияның орталық атқару комитетінің президиумы жанындағы Тұрақты комиссия тарапынан бірнеше мәрте бекітілуі тиіс болды. Комиссия бірнеше рет 1932 жылғы 25 қаңтардағы қаулының мазмұнына ұқсас қаулылар қабылдады. Мысалы, осы шешімнен үзіндіде былай делінген: «... 3) жергілікті мұсылман сенушілердің жалпы жиналысының Шалқардағы казак мешітінің ғимаратын діни мақсатта пайдаланудан бас тартуына байланысты, Шалқар аудандық атқарушы комитетіне аталған мешіт ғимаратын мәдени және білім беру мақсатында пайдалануға рұқсат берілсін; 4) «өзбек мешітін діни

мақсатта өз мойнына алғысы келетін ешбір тарап болмағандықтан, Қызыл-Орда аудандық атқарушы комитетіне мешіт ғимаратын мәдени және білім беру мекемесі ретінде пайдалануға рұқсат берілсін» [2, 7–8 бб.]. Сонымен бірге, әділдік үшін айта кету қажет, республикадағы нақты діни ахуалды ескере отырып және діни заңнама нормалары мен талаптарын іске асыру жөніндегі жергілікті ақпаратты талдағаннан кейін, діни істер жөніндегі орталық комиссия мемлекеттік-діни қатынастар саласындағы заң бұзушылықтар туралы жоғары мемлекеттік органдарға хабарлап, қайшылық орын алған жағдайларды шешу жөніндегі ұсыныстарын еңгізген болатын. Мысалы, ғибадат ету орындары мен діни қызметкерлерді салыққа тарту мәселесінде осындай жағдай орын алды.

Сол тұста мешіттер мен шіркеулер көбінесе салықты кешіктіріп төлеген деген сылтаумен жабылатын. Мысалы, 1931 жылы Ақмола қаласында осы тұрғыдағы жағдай орын алды. 1931 жылдың ақпан айының соңында Ақмола мұсылмандар кеңесі Қазақ орталық атқару комитетіне телеграмма жолдап, 1931 жылғы 17 ақпанда Ақмола әкімшілік бөлімі қалалық кеңестің шешіміне сәйкес номер екінші мешітті ақы төлеуі кешіктірілді және уақытылы қайта тіркелмеді деген сылтаумен жапқан. «...Дегенмен, барлық ақылар төленген, барлық қажетті құжаттар бар және қайта тіркеу құжаттары тапсырылған еді...», - деп көрсетілген сол телеграммада [8, 1–2 бб.]. Бұл телеграмма мұсылман қауымдастығының он мың сенушісі атынан кеңес мүшелері Хусаинов пен Бурнашев тарапынан жіберілген еді.

Шіркеулерге де қарасты сондай жағдайлар орын алып отырды. Сол Ақмоладан тағы да телеграмма арқылы православиялықтар да соңғы шіркеу жабылғанын хабарлап, оны қайтаруды өтінді. Олар, сондай-ақ, ҚОАК-ке төлем жасалған құжаттар мен төрт телеграмма жібергендерін, бірақ осының бәрі еш нәтиже бермегенін мәлімдеді [8, б. 10].

Ақыры, БОАК-ң шешімімен Ақмоладағы мешіт те, шіркеу де дінге сенушілердің иелігіне қайтарылды. Алайда оларда бұл ғибадат орындарының өздеріне біржолата берілгеніне толық сенім болған жоқ, себебі биліктің діни саясатын тәжірибе жүзінде жақсы көріп отырды. Көбінесе жергілікті және өңірлік билік органдары арқылы мәселелерін шеше алмаған діни ұйымдар мен дін қызметкерлері тікелей БОАК-ке және оның діни істер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүгінетін. Ақмоладағы мешіп пен шіркеу жағдайында да солай болған еді. БОАК және оның дін істері жөніндегі тұрақты комиссиясы кейде осы өтініштерге жауап беріп отырғанын атап өту қажет. Мысалы, Ақмола ғибадат ету орындарының жағдайында бұл мәселеге қатысты телеграммалар мен хат алмасулар бірнеше рет ҚҚАК-не жіберілген. Мысалы, 1931 жылы БОАК төрағасының хатшысы Воробьев ҚОАК-не жолдаған осындай бір хабарламада төмендегідей жайттар атап көрсетілген:

«...Сіз Ақмолинскідегі собор мен мешіттің жабылуына қатысты материалдарды ұсыну жөніндегі Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті президиумының мүшесі жолдас Смидовичтің нұсқауын орындамадыңыз. Мұны бюрократиялық кедергі деп есептеп, М. И. Калинин сізден собор мен мешітке қатысты барлық әкімшілік жазбаларды, сондай-ақ 5 маусымдағы директивада талап етілгенбасқа да ақпаратты 20 күн ішінде жолдауды тапсырды. Әйтпесе, мәселе бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің президиумына ұсынылады. Собор мен мешітті сенушілердің пайдалануында қалдыру жөніндегі бұйрық өз күшінде қала береді» [8, б. 26].

Бұл жағдайға М.И. Калинин өзі араласқанын көреміз. Айта кету қажет, ол кезде оның қажетті өкілеттігі айтарлықтай шектеулі болғанына және партиялық директивалардың «өкілеттігі» мемлекеттік заңдардан әлдеқайда жоғары болғанына қарамастан, М. И. Калинин сенушілерді қорғауға араласып тұрғаны байқалады. Бұл, мысалы, оның 1930 жылғы 14 наурыздағы Г. К. Орджоникидзеге жазған хатынан айқын

көрінеді. Коммунистік партия мен мемлекеттік аппаратта дін ұйымдары мен дінге сенушілерге қатысты қысымшылыққа қарсы шыққан адамдар болғанын мойындау керек. Олар мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қолайсыз жағдайға партия мен мемлекет басшылығының назарын аударуға тырысты. Алайда олардың бұл әрекеттері Жүйенің дінге қарсы бағытталған саясатына төтеп беруі сол тұста мүмкін емес еді [9, б. 13].

Одақтық социалистік автономиялы республикалардың орталық атқару комитеттерінің жанында тіркелген дін істерін қадағалау комиссияларына жолдаған хабарламаларында дін істері жөніндегі тұрақты комиссия нұсқаулықтар беріп, олардың жұмысын басқаруға әрекеттеніп отырды. Мысалы, 1931 жылдың соңында осындай бір хабарламада былай делінген: «...Комиссиялар өңірлік атқарушы комитеттер мен қалалық кеңестердің жолдауы бойынша ғибадат ету орындарын ашу және жабу мәселелерін алдын ала қарауға жауапты. Алайда Орталық комиссияға түскен осындай істерден кейбір комиссиялар ... ғибадат ету орындарын жабу туралы шешімдерін өздері қызмет ететін атқарушы комитеттің президиумына мақұлдауға ұсынбай-ақ шешім қабылдай беретін сияқты...» [1, б. 1].

Осы хабарламалар сондай-ақ автономиялық республикалардың орталық атқару комитеттеріне қарасты діни істер жөніндегі комиссиялардың ғибадат ету орындарын пайдалану туралы келісімшарттарды тоқтату жөніндегі қаулылары автономиялық кеңестік социалистік республикалардың президиум қаулыларымен бекітілуі тиіс екенін және сенушілердің шағымы бойынша соңғы қаулылар КСРО орталық атқару комитеті президиумына ұсынылуға міндетті екенін ескертіп отырды.

Ақмоладағы дінге сенушілердің өз ғибадат ету орындарын пайдалануға қарасты құқықтарын үлкен талпыныстың нәтижесінде қорғап қалуы сол кездегі Қазақстанда, сонымен бірге КСРО-ың басқа да аймақтарында тұрақты кездесетін жәйт емес еді. Көптеген жағдайда сенушілер әкімшілік бұйрықпен жабылған мешіттер мен басқа да ғибадат орындарын қайтаруға қауқарсыз болатын. Көбіне олар билік шешімдеріне қарсы шығуға баталмайтын, немесе шенеуніктердің қысымына заңды түрде қалай қарсы тұруды білмейтін, бұл әдетте республикамыздың ауылдық жерлеріндегі мұсылмандарға тән нәрсе еді. Сонымен бірге, тиісті органдарға ғибадат ету орындарын жабу немесе діни бірлестіктерді тарату туралы билік шешімдеріне шағым түскенде де, олар сирек жағдайларда нақты қаралуға алынатын.

ҚОАК-не қарасты діни істер жөніндегі орталық комиссияның инспекторлары кейде жергілікті жерлерге барып, діни бірлестіктер мен дінге сенушілерге қатысты жергілікті билік жұмысын тексеріп тұратын. Алайда, бұл салада жергілікті мемлекеттік органдардың жұмысында негізінен әкімшілік шектеулердің басымдығы анықталып отырды. Мысалы, жоғарыда аталған комиссияның инспекторы Килеевтің 1933 жылғы қарашада Оңтүстік Қазақстан облысының Жұалы ауданына сапарының осыны көрсетіп отырғанын аңғарамыз [10, бб. 1–2].

Жергілікті шенеуніктердің халықтың діни ұстанымы, діни ұйымдардың қызметі немесе нақты діндердің ерекшеліктері туралы жеткілікті түсініктері болмады. Ғибадат орындарына қатысты мәселелер, әдетте, әкімшіліктер арқылы шешіліп отырды. Комиссиялар болған жағдайда олардың жұмысы тек ғибадат орындарын жабу мәселелерін талқылаумен шектелді. Көбінесе аудандарда діни істерді діни істер жөніндегі комиссиялар емес, аудандық қаржы бөлімдері жүргізді; дін қызметкерлері мен діни қоғамдарды азаматтық ресми мекемелер емес, ішкі істер комиссариаттың бөлімшелері тіркеді.

Тіпті сол кездегі дін істері жөніндегі заңнама, дінге қарсы сипатта болса да, ауылдық кеңестерге, аудандық атқару комитеттеріне, немесе осы деңгейдегі ресми органдарға ғибадат ету орындарын жабу құқығы берілмеген. Мұндай мәселелерді

өңірлік атқарушы комитет шешкен, ал шағым түскен жағдайда – Қазақ АКСР орталық атқару комитетінің президиумы қараған. Алайда бұл тәртіптің орындалуы сирек болды [8, 1–2 бб.]. ҚОАК-ке қарасты дін істері жөніндегі орталық комиссиясында аудандық атқару комитеті, немесе ауылдық кеңес ғибадат ету орындарын тәркілеген, кейде ауылдық кеңестің шешімі де қабылданбай, тек оның төрағасының бұйрығымен ғана орын алған жағдайларға қатысты дәлелдер жеткілікті еді [3, 71–72 бб.].

Ғибадат ету орындары жабылған жағдайларда ресми жарлықтар дінге сенушілерге жарияланбай отырды, сондай-ақ оларға ҚОАК-не шағымдану үшін белгіленген мерзім әдетте берілмеді. Алайда шағымдарға қарамастан, ғибадат ету орындары ҚОАК шешім қабылдамастан бұрын жабылуы үйреншікті нәрсеге айналды. Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мәселесіне тиісті көңіл аударыммады, әсіресе ауылдық жерлерде. Мұндай иделогиялық жұмыс негізінен қағаз жүзінде жүргізілді. Дін ғимараттары халықтың дінге деген сенімінің деңгейін ескермей жабылып отырды [11, б. 57].

Жаңа діни бірлестіктерді тіркеу рұқсат беру сипатын алып, барған сайын күрделене түсті. Оның ерекшелігі – жергілікті билік органдары бұл тіркеулерге мүмкіндігінше қарсылық көрсетіп отырды, себебі оны өздерінің білім беру және саяси жұмыстардағы кемшіліктердің дәлелі деп санады. Сондықтан саяси қажеттіліксіздікке, жақын аумақта ғибадат орындарының болуына, мешіттер мен шіркеулердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сай еместігіне және т.б. сілтемелерге жүгініп отырды.

Осындай жағдай аясында орталық дін істер комиссиясы өз жұмысын жүргізіп отырды: ол өңірлерден келген ғибадат орындарын жабу және тәркілеу туралы материалдарды қарады, діни культтер туралы заңнаманы бұзғандарды жауапқа тартуға тырысты және вакуф пен шіркеу мүлкін тәркілеудің, сондай-ақ діни қауымдастықтарды таратудың заңдылығын тексерді. ҚОАК құрамындағы комиссия көптеген шағымдарды тергеу және шара қолдану үшін орталық партия және Кеңес органдарына, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жолдады; олардың көпшілігі бойынша заңсыз әрекеттерін тежеу немесе болдырмау мақсатында бірнеше жыл бойы жергілікті билік органдарымен хат алмасып отырды.

Дегенмен, бұл комиссия қанша тырысса да, объективті түрде өз міндеттерін орындай алмады. Комиссияның талаптары барлық деңгейдегі билік органдары тарапынан көбіне еленбеді. Дін бірлестіктері мен ғибадат ету орындарының саны мен жағдайы туралы есептерді дайындау үшін қалалық және аудандық атқарушы комитеттерге бірнеше рет ескерту жасауға тура келді. 1929–1935 жылдар аралығындағы мұсылман ғибадат ету орындарының жабылуы туралы қысқаша шолу тек Қазақстандағы төрт өңір үшін ғана құрастырылды: Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Батыс Қазақстан.

Айта кету керек, 1920–1930 жылдары Қазақстандағы мұсылмандық діни өмірге қатысты статистикалық деректер, мысалы, православтық христиандыққа қатысты деректермен салыстырғанда, әлдеқайда жүйесіз жинақталған. Комиссия қабылдаған шаралар коммунистік партия мен мемлекеттік аппарат ішіндегі мәселелерді әкімшілік диктат арқылы шешуді қолдайтын күштердің жаңа әрекеттерімен үнемі қарсылыққа ұшырап отырды. Комиссия өз ниеті мен күш-жігеріне қарамастан заңсыздық толқынын тоқтата алмады. Партия мен кеңестік ортада заңға бағынуды талап етуге жасаған талпыныстары дінге қарасты саясатта алға жылжудан бас тарту ретінде қабылданды. Қазақ АКСР орталық атқару комитеті жанындағы Тұрақты комиссия діни рәсімдер туралы заңнаманың бұзылуына қатысты дінге сенушілер мен діни қызметкерлердің көптеген шағымдары мен өтініштерін қабылдады. Осы тұрғыда айтатын нәрсе, бұл оқшауланған оқиғалар емес еді, бұл дінге сенушілерге, діни қызметкерлерге және діни

ұйымдарға қатысты заңсыздықтың жүйелі құбылысы, орныққан тәжірибе екені аңғарылады.

Елдің жаңа Конституциясы (1936) қабылданғаннан кейін оның 124 бабына сүйене отырып, дін істері жөніндегі Одақтық комиссия төрағасы Красиков Одақтық республикалардың орталық атқару комитеттеріне хат жазып дін саласындағы мәселелердің күрделенуіне және қызмет етіп тұрған ғибадат ету орындарының санының құрт төмендеуіне назарларын аударды [12, б. 71]. Комиссия заңсыз тәркіленген діни ғимараттарды дінге сенушілерге қайтаруды талап етті.

Бірақ Қазақстанда мемлекет пен дін арасындағы қатынастарда әділеттілік пен заңдылықты қалпына келтіруді талап ететін ешкім қалмады. 1935 жылы ҚОАК жанындағы дін мәселелерін қарау жөніндегі тұрақты комиссия таратылды. Діни ағымдардың, дін қызметкерлерінің немесе дінге сенушілердің құқығын ресми түрде қорғау мүмкіндігі әбден шектелді: бұл кезде жеке культпен негізделген Жүйенің қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүргізген саясатына қарсы тұру мүмкін емес еді.

1937 жылдың ортасында діни культтерге қатысты заңнаманы, атап айтқанда Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті мен Ресей федеративтік республикасының халық комиссарлары кеңесінің «Діни қауымдастықтар туралы» қаулысын толықтай жою керек деген көзқарас партиялық және кеңестік белсенділер арасында кеңінен қабылданып, қолдау тапты. Мысалы, Г. М. Маленков Сталинге осындай ұсыныспен жүгініп, бұл қаулы дінге сенушілердің ең белсенді бөлігіне КСРО бойынша 600 000 адам көлемінде кең тармақталған заңды ұйымдарды құруға заңды негіз береді деп дәлелдеді. Нәтижесінде «дін қызметкерлерінің басқару органдары мен шіркеу иерархиясын қазіргі түрінде жою» талабы қойылды. Бұл идеялар мен көзқарастар дінге қарсы әдебиет беттерінде де, партия қызметкерлерінің қоғамдық сөз сөйлеулерінде де көрініс тапты [13].

Мемлекет пен діни ұйымдардың арасындағы қатынастарды тиімдірек реттейтін жаңа заңнаманы әзірлеу әрекеттері сәтсіз аяқталды. «Діни рәсімдер мен ғибадат орындарын өткізу туралы» қаулы жобасы мен «КСРО орталық атқару комитетінің дін мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы туралы» ереже тіпті қарастырылмады. 1938 жылдың сәуірінде КСРО орталық атқару комитетінде тіркелген комиссия жойылды; сол кезде құрылып жатқан жаңа жоғарғы билік органы – КСРО Жоғарғы Кеңесінде оған орын қаралмады. Бұл діни ағымдарға және дінге сенушілерге қарасты жасалған әділетсіздіктерге қарсы шыққан бірнеше мемлекеттік және партиялық қайраткерлердің жеңілісін білдірді.

Қорытынды. Осылайша, діни бірлестіктер туралы заңнаманың орындалуын қадағалау үшін құрылған Қазақ орталық атқару комитетіне қарасты Тұрақты діни істер комиссиясы тоталитарлық жүйенің қысымына төтеп бере алмады. Ол тек «кеңестік заңдылықтың» формальды белгілерінің бар екендігін көрсету үшін ғана құрылған болатын. Сол кездегі жағдайға және жалпы пролетарлық мемлекеттің пайда болуы мен теориялық негіздерін ескерер болсақ, бұл мүмкін еместе еді. Мұндай мемлекеттің құрамында бола тұра діндердің мүдделерін толықтай қорғау ол большевиктер партиясының бағдарламалық ұстанымдарына қарама-қайшы келетін құбылыс болып табылар еді. Осы жаңа қалыптасып келе жатқан тоталитарлық жүйенің туындысы ретінде комиссия, әрине, бүкіл жүйеге қарсы күреспеді, керісінше сол жүйенің өз заңдарының бұзылуына іштен қарсы тұруға ғана тырысты. Елдегі діни ағымдарға жасалған қысымның түпкі себептерін шешпей, ол осы қысымның салдарымен күресті. Нәтижесінде комиссияның қызметі республикадағы діндерге жасалған әділетсіздіктердің көлемін біршама азайтуға және билік тарапынан қудаланған сенушілердің жағдайын белгілі бір дәрежеде жеңілдетуге мүмкіндік берді, алайда ол

мұндай қудалауды толықтай тоқтата алмады. Дегенмен, осы және ұқсас комиссиялардың еңбегі – 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдарында большевиктік мемлекет шеңберінде, әртүрлі діндердің мүдделерін қорғаудың прецедентін қалыптастыруға азда болса өз үлесін қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 11-іс.
- 2 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 25-іс.
- 3 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 29-іс.
- 4 Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (БҚО ММ). 850-қор. 1-тізбе. 32-іс.
- 5 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 30-іс.
- 6 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 28-іс.
- 7 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 21-іс.
- 8 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 24-іс.
- 9 Новопольцева, Е. М. Партийно-государственная политика в отношении религии, церкви и верующих в 1917–1937 гг. [Текст] : автореф. дис. ... канд. ист. наук / Е. М. Новопольцева. – Москва, 1993.
- 10 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОММ). 789-қор. 1-тізбе. 26-іс.
- 11 Наука и религия [Текст] : научно-популярный журнал. – 1990. – № 7.
- 12 Законодательство о религиозных культах [Текст] : сборник материалов и документов / сост. Г. Р. Гольст, Д. М. Ночвин. – Москва : Юридическая литература, 1917. – 335 с.
- 13 Об антирелигиозной пропаганде [Текст] : сборник / под ред. Центрального совета Союза воинствующих безбожников СССР. – Москва : Партиздат ЦК ВКП(б), 1937. – 142 с.

REFERENCES

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 11-is. – (In Kaz)
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 25-is. – (In Kaz)
- 3 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 29-is. – (In Kaz)
- 4 Batys Kazakhstan oblysynyn memlekettik arhivi (BQO MA). 850-qor. 1-tizbe. 32-is. – (In Kaz)
- 5 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 30-is. – (In Kaz)
- 6 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 28-is. – (In Kaz)
- 7 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 21-is. – (In Kaz)

8 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 24-is. – (In Kaz)

9 Novopol'ceva, E.M. Partiino-gosudarstvennaya politika v otnoshenii religii, cerkvi i veruyushchih v 1917–1937 gg. [Party-State Policy toward Religion, the Church, and Believers in 1917–1937]: avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Moscow, 1993. – (In Rus)

10 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (QR OMA). 789-qor. 1-tizbe. 26-is. – (In Kaz)

11 Nauka i religiya [Science and Religion]. Nauchno-populyarnyi zhurnal. (1990). No. 7. – (In Rus)

12 Zakonodatel'stvo o religioznyh kul'tah [Legislation on Religious Cults]. Sbornik materialov i dokumentov. Sost. G.R. Gol'st, D.M. Nochvin. Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1917. 335 s. – (In Rus)

13 Ob antireligioznoi propagande [On Anti-Religious Propaganda]. Sbornik. Pod red. Central'nogo soveta Soyuza voinstvuyushchih bezbozhnikov SSSR. Moscow: Partizdat CK VKP(b), 1937. 142 s. – (In Rus)